

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ**  
**МАГИСТРАНТ ДЕҢГЕЙІ**  
 7М017 – Тіл және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау  
 (Шетел тілі: екі шетел тілі)

Пәндер циклдары ның қысқарған атаулары	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Кредит көлемі
БП	<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ</b>	
1	<b>Шетел тілі мұғалімін кәсіби-педагогикалық тұрғыдан даярлаудағы құзыреттілік үлгісі</b>	5
	Шеттілдік білім берудегі заманауи зерттеулер: құзыреттілік шеттілдік білім беруге көшу мәселелері. Шетел тілі мұғалімінің кәсіби-педагогикалық құзыреті қазіргі педагогикалық мәселе ретінде. Психологиялық-педагогикалық құзырет: анықтама, қалыптастыру кезеңдері, оқыту технологиялары, дағдылар номенклатурасы. Әдістемелік құзырет: анықтама, қалыптастыру кезеңдері, оқыту технологиялары, дағдылар номенклатурасы. Жалпы мәдени құзыреттер. Пәндікқұзыреттер.	
2	<b>Әдістемелік зерттеулердің әдіснамасы</b>	5
	Ғылыми зерттеудің негізгі әдіснамалық принциптері. Шетел тілін оқытудағы ғылыми зерттеулер әдістемесінің рөлі. Ғылыми зерттеудің пәні, объектісі және міндеттері. Ғылыми зерттеудің негізгі кезеңдері. Зерттеудің өзектілігі мен проблемасын негіздеуге қойылатын талаптар. Ғылыми-теориялық деңгей әдістерінің сипаттамасы. Эмпирикалық деңгейдің әдістері. Зерттеу нәтижелерін объективті бағалау әдістерінің сипаттамасы. Эксперимент нәтижелерін статистикалық талдау.	
3	<b>Сөйлеу әрекеті теориясының негіздері</b>	5
	Тіл теориясы шеңберіндегі лингвистикалық құзырет. Тіл мен сөйлесім. Тіл мен сана. Тіл мен ойлау. Сөйлеу әрекетіне сипаттама және оны зерттеудің әдістері. Сөйлеу онтогенезіндегі сөйлеу әрекеті компоненттерін меңгрудің заңдылықтары. Сөйлеу әрекетіне (Сөйлесім, тыңдалым, оқылым және жазылым) психолингвистикалдық тұрғыдан қарау.	
КП	<b>КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ</b>	
4	<b>Екінші шетел тілі</b>	6
	Білім алушыларда дербес сөйлеу әрекетін қалыптастыру, атап айтқанда: жұмыс, оқу, бос уақыт т.б таныс тақырыптар бойынша негізгі пікірлерді түсіну; әр түрлі жағдаяттарда түсіндіре білу, өзіне таныс және қызықтыратын тақырыптарға байланысты хабарлама құрастыру, өз әсерін сипаттау, көзқарасын баяндау және пікірін қысқаша негіздеу".	
5	<b>Екінші шет тілін кәсіби мақсатта оқыту</b>	4
	Білім алушыларды мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынас үшін қажетті коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды көздейтін шетел тілінде кәсіби қарым-қатынас жасауға дайындау. Кәсіби салаға қатысты коммуникативтік міндеттерді шешуге қажетті тілдік құзыреттіліктер. Кәсіби құзырет кәсіби маңызды біліктіліктерді қалыптастыру.	

6	<b>Шетел тілдерді оқытуда интербелсенді технологияларды қолдану</b>	5
	Интерактивті оқыту ұғымы. Интерактивті оқытуды ұйымдастырудың міндетті шарттары. Интерактивті оқытудың негізгі түрлері. Креативті тәсілдер. Ойын технологиясының негізгі шарттары. Жобалау әдісі жеке тұлғаға бағытталған дамытушы технологиялардың бірі ретінде. Аудио-бейнематериалдармен жұмыстың негізгі кезеңдері. Дискуссиялар мен дебаттарды ұйымдастырудың негізгі ережелері. Кейс тәсілінің ерекше белгілері. Тілдік портфолио.	
6	<b>Когнитивті лингвистика</b>	5
	Когнитивті лингвистика. Когнитивті лингвистикаға кіріспе. Когнитивті лингвистиканың қайнар көзі. Лингвистикалық категоризация. Когнитивті лингвистика және Хомскидің генеративті грамматикасы. Концептуалды метафора. Концепт. Фрейм. Категоризация және прототиптер. Менталды кеңістік. Когнитивті семантика. Грамматиканы оқытудағы когнитивті тәсілдер. Когнитивті фонология. Когнитивті тәсіл. Шетел тілін оқытудағы коммуникативті және когнитивті тәсіл.	
7	<b>Әлеуметтік лингвистика</b>	5
	Әлеуметтік лингвистика пәні және оны негізгі түсініктері. Тілдің даму жолында әсер ететін тілдік жағдаяттар және әлеуметтік факторлар. Тіл және қоғам: ағылшын тілі және оның варианттары (ағылшын тілінің америкалық варианты, Black English, ағылшын тілінің канадалық варианты, австралиялық ағылшын тілі және т.б.) Ағылшын тілі және оның диалектілері. Әлеуметтік лингвистиканың талдау әдістемесі.	